



plans.label.author: Кенжебекова Айгул Арыстановна

plans.label.category: Көркем еңбек

plans.label.class: 3-сынып

plans.label.section: Сәулет

plans.label.theme: Сәулет өнері дегеніміз не? Орталық Азияның және Қазақстанның сәулет өнері Қазақстанның қазіргі сәулет өнері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Сәулет өнері дегеніміз не? Орталық Азияның және Қазақстанның сәулет өнері Қазақстанның қазіргі сәулет өнері
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • өзінің шығармашылық жұмысының идеясын, жасалу жолдары мен қолданған материалдары туралы айта алады; Оқушылардың көбі жасай алады: • Алған білімі бойынша жоба жасап, мұғалімнің көмегімен түсіндіре алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Тақырыпқа байланысты қосымша тапсырмаларды орындай алады.
Тілдік мақсаттар:	Дүниетану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу.
Күтілетін нәтиже:	Дүниетану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу.
Бағалау критерийлері:	• Берілген тақырып бойынша тапсырмаларды орындайды. • Алған білімі бойынша жоба жасап, мұғалімнің көмегімен түсіндіре алады. • Тақырыпқа байланысты қосымша тапсырмаларды орындай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу.
Бастапқы білім:	Өткен бөлімдерде оқушылар әр түрлі бейнелеу шығармашылығымен уақытты, жыл мезгілінің ауысуын зерделеген болатын. Мысалы, көркем шығармашылық құралдарды қолданып, әр түрлі материалдардан коллаж жасау. Дәуір арқылы ертеден бастап қазіргі кезге дейінгі уақыт аралығын, сәндік қолданбалы өнер, кілем тоқу өнері, интерьер дизайны, аппликация техникасын қолдану арқылы адамдардың өмірі жайлы білу.

plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Достық шеңбері» жылулық шеңбері Балалар шеңберге жиналады. Педагог ортаға орындық қойп, кез келген балаға отыруды ұсынады (ұялшақ, өзіне сенімсіз, жасқаншақ баланы шақырғаны жөн). Педагог «Күлгін көзілдірікті» киіп «күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды», ол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады да, ортада отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Балалар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1, 2, 3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)</p> <p>«Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз. Архитектура туралы сен не білесің? (Т)(Қ) Оқушыларға геометриялық пішінді және ерекше салынған суретті ғимараттарды көруді ұсыну. Оқушыларға осы ғимараттардың геометриялық пішіндерін анықтау бойынша тапсырма орындауды ұсыныңыз. Оқушылар ғимараттардың пішінін талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. (Т)(Қ)Оқушыларға «Ертегі қамалы» тақырыбындағыкөлемдіғимаратты сабаққа алдын ала дайындап алып келген материалдарды, мысалы, түрлі заттардан босаған қорап,қағаз қол сұртетін сүлгіден босаған картонды цилиндр, түрлі-түсті ермексаз, қағаз, картон, гофре қағаздары және т.б. (С)Қолда бар және көркемөнер материалдарын пайдаланып жасалған қамал туралы қысқа бейнематериал көрсетіңіз. Оқушылармен бірге материалдарды қолдану мен жұмыстың орындалу реттілігі туралы талқылаңыз. (Т)</p> <p>(Қ)Шығармашылық жұмысты бастамас бұрын материалдар мен құралдармен жұмыс жасауда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз. Оқушылар ертегі қамалы идеяларын іске асыра отырып, шығармашылық жұмыс орындайды. Ескерту: оқушыларға аяқталмаған жұмыстарын келесі сабақта аяқтауға, сәндеуге қажетті материалдарды анықтай отырып, бағалауға мүмкіндік беріңіз. Дескриптор: • Берілген тақырып бойынша тапсырмаларды орындайды. • Алған білімі бойынша жоба жасап, мұғалімнің көмегімен түсіндіре алады. • Тақырыпқа байланысты қосымша тапсырмаларды орындай алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларын орындау</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</p>	
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Көңіл-күй» кері байланысы.	